

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиа-текстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ХҒТАР 16.21.51

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.11>М. ӨНЕР¹ *Ф.С. МҰХТАРОВА² Еге университеті, Измир, Түркия¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан²
(e-mail: mustafa.oner@ege.edu.tr¹, farizamm97@gmail.com²)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҮЙЕ ТҮСІНІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР

Аңдатпа. Қазіргі тіл білімінде қалыптасып келе жатқан антропоэзектік бағыт негізінде белгілі бір этносқа байланысты этнографизмдерді табу, оларды зерттеу ерекше маңызға ие болып тұр. Кез келген ұлт тілі – ұзақ даму тарихы бар, өзгермелі құбылыс. Қазіргі кезде тілді тек болмысты танытатын, ойды жарыққа шығаратын «қарым-қатынас» құралы ғана деп қарастырмай, халықтың ұлттық көзқарасын, ерекшелігін, менталитетін танытатын «танымдық» қызметіне де тоқталуымыз керек. Этнографизмдер деп отырғанымыз – этнографиялық заттар мен құбылыстар атауы, өткен тұрмысымызда болған әлі күнге дейін пайдаланып келе жатқан халқымыздың шаруашылығына, салт-дәстүр, әдеп-ғұрпына, наным-сеніміне, киім-кишек, ішер асына, әлеуметтік қызметі, туыстық қатынасына, т.б. байланысты қолданылатын тұрмыстық, тілдік ерекшелікті көрсететін арнаулы бірліктер мен сөз тіркестері.

Ғылыми мақаланың өзектілігі қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдарды салыстыру, талдау, сипаттау, анализ-синтез әдістерін қолдану арқылы жан-жақты зерттеу. Мақалада ғалым Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздігінде» көрсетілген «түйе» ұғымына қатысты макро және микро топшалар негізінде тілімізде кездесетін таным-сенім, әдеп-ғұрыптарды, тыйым, табу сөздерді зерттеп, саралап қарастырдық. Сонымен қатар «түйе» малына қатысты түр-түс атауларының мағынасына тоқталдық.

Түйін сөздер: түйе, этнографизм, фразеологизм, наным-сенім, ырым-тыйым, халықтық болжамдар.

Кіріспе. Төрт түлік мал – қазақ халқы үшін қасиетті, қастерлі саналған, тұрмыс-тіршілігінде, рухани өмірінде үлкен мәнге ие болған. Мал қадірін түсінген, бағалаған халқымыз төрт түліктің етін азық қылып, сүтінен түрлі сусандар мен тағамдар дайындап (қымыз, қаймақ, шұбат, айран, қатық, ежігей, ірімшік), төрт мезгілде де малдың жүнінен жіп, арқан, түрлі киімдер (шекпен, қолғап, шұлық, етік, белбеу, кебіс, шалбар, т.б.) тіксе, майынан емдік дәрілер

жасаған, жаугершілік, көшпелілік кезеңде сенімді серігі болып, арбаға, шанаға жегіліп көлік ретінде пайдаланылған. Малды жазда жайлауда, күзде күзекте, қыста қыстауда өсіреді, топтап бағады (үйір, тобын, отар). Қазақ наным бойынша өзі өсірген, белгілеген малды ешкімге бермеген құлағына, мүйізіне ен немесе таңба салдырып отырған. Себебі малдың киесі, пірі, иесі бар деп түсінген, мысалы: Түйенің иесі – Ойсылқара, Жылқының иесі – Қамбарата, Сиырдың иесі – Зеңгібаба, Қойдың иесі – Шопаната, Ешкінікі – Шекшеката.

Тұрмыстық өмірде үлкен орын алған төрт түлік атаулары тілімізде түрлі бірліктер арқылы көрініс табады. Мысалы жер-су аттарын, адам есімдерін жасауда мал атауларын қолдану: Жылқыбай, Түйебай, Ақбота, Бота, Ботакөз, Наркенже, Құнанбай, Қосөркеш, Бурабай, Төртөгіз, т.б. Көркем шығармаларда, ауыз әдебиеті үлгілерінде көркемділік пен эстетикалық сұлулықты арттыру мақсатында теңеулер қолданылады. Осыған байланысты әдемілікті, сұлулықты, еркелікті көрсететін теңеулердің жасалуы: ботадай, танадай, құлындай, қошақандай, лақтай, т.б.

Әр халықтың қоғамдық, мәдени ерекшеліктерін бойына сіңірген, көркем де әсем, ықшамды сөз оралымдары – тұрақты тіркестер тілімізде жиі ұшырасады. Фразеологизмдер – адамдардың, ру, тайпа, халықтың қоршаған ортаға деген түсінігін, өзіндік көзқарасын, ақиқат болмысын таныта отырып, әлемнің тілдік бейнесін жасауға қатысатын тілдік бірліктер. Әлемнің тілдік бейнесі деп отырғанымыз кез-келген бір ұлттың жылдар бойы жинаған мәдениетінің, білімінің өз тілінде бейнеленуі. Сондықтан фразеологизмдер ойды көркем жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың тұтас болмысын танытатын тіл өрнектері. Тілімізде ұлттық кодты көрсете алатын, түрлі реңктегі төрт түлікке қатысты мынандай тұрақты тіркестер қолданылып жүр: ат басын бұрды, аттың жалы, түйенің қомында, бұйда беру, қой аузынан шөп алмас, нар жігіттер, ақ түйенің қарны жарылды, түйе үстінен ит қапқан, т.б.

Тіл білімінде осы атап көрсетілген төрт түлік малға байланысты тілдік бірліктер мен сөз тіркестерінен бөлек, этнографиялық атаулар баршылық. Этнографиялық лексика – ана тілінде сөйлеушінің қоршаған ортаны тануы, зерттеуі арқылы қалыптасады, дамиды. Мұның бәрі халықтың өзіндік санасымен, дүниетанымымен, психологиясымен, тілімен тығыз байланысты. Ғалым Ю.В. Бромлеяның айтуынша, этнография – негізгі зерттеу нысаны дүние жүзіндегі халықтар болып табылатын ғылым. Себебі «этнос» деп отырғанымыз халық, «графия» жазу, сипаттау деген мағынаны білдіреді. Жер бетіндегі барлық халықтардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, тілдеріндегі заттар мен құбылыстардың аталу ерекшеліктерін зерттейді деген анықтама береді [1, 12]. Сондықтан төрт түлік малдың ішінде «түйе» малына қатысты қазақ тіліндегі этнографизмдерді қарастыру маңызды.

...Тіл алсаң, іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,

Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің!? (Асан қайғы)

Түйе мойнын тұз кесер,
Жігіт мойнын қыз кесер,
Сартылдаған сары аяз,
Жылқының мойнын мұз кесер (Ақтамберді жырау)

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға
Қас үлектен туған қатепті
Қара нар керек біздің бұл іске (Махамбет Өтемісұлы)

Салтанатымен ерекшеленетін, төрт түліктің төресі – түйе малының тегі мен табиғаты ерекше. Түйе атауы жасына қарай, жынысына қарай, түсіне қарай, көлеміне қарай бірнеше топқа бөлінеді Мысалы жынысы мен жасына қарай: түйе төлін – бота, ботақан, екі жасар ұрғашы түйені – бұлдіршін, екі жасар еркегі – тайлақ, үш жасар ұрғашы түйе – бұзбаша, төрт-бес жасар ұрғашы – буырлыш, төрт-бес жасар еркегі – буыршын, аталық түйе – бура, аналық түйе – інген, ақталған түйе – атан. Бұл атаулар халық танымының жемісі.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Ғылыми мақаланы жазу барысында этнолингвистикалық аспекті негізінде талдау, сипаттау, жинақтау әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Түйеге қатысты тілдік бірліктер халықтың тұрмыс-тіршілігіне сіңісіп кеткені сонша, ол тілдің барлық лексикалық қабатындағы сөз тіркестерінің құрамында кездеседі. Әсіресе, халықтың әдеп-ғұрыптық, яғни этнографиялық тұрмысын бейнелейтін атауларда көп болғандығы байқалады. Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты мынандай этнографиялық ұғымдар бар:

БЕС ЖАҚСЫ – бұл ежелден келе жатқан қазақ салт-дәстүрі. Құдалар арасында берілетін қалың малдың бір түрі. Сыйлы, құрметті адамға түйе, оның ішінде қара нар, жүйрік ат, қымбат кілем, алмас қылыш, жағалы киім секілді бес жақсы затты сыйлаған.

ЖАЙДАҚ НАРҒА ТЕРІС МІНГІЗУ. Қара шаңырақтың нардай азаматы, үй иесінің дүниеден өткенін хабарлау дәстүрі. Түйе үстіндегі қыз-келіншектер, әйел адамдары жоқтау айтқан. Бұндай қаралы көшке ешкім тиіспеген, өлгеннің аруғанын мазаламаған. Бұл тіркестегі «жайдақ, жайдақ міну» деп отырғанымыз мініс көлігін ерттемей міну.

СҮТ АҚЫ. Үйлену салтына байланысты қазақ дәстүрі. Қыздың анасына берілетін кәде сыйлық. Көне салт бойынша күйеу бала есік ашып барғанда құдалардың қызды өсіріп, бағып, тәрбиелегені үшін берілген. Қыз анасына бір-екі түйеден он түйеге дейін, әкесіне шапан, ер тұрман сыйлаған.

ТҮЙЕ БАСТАТҚАН ТОҒЫЗ. Әртүрлі жарыстарда берілетін бас бәйге. Қазақ қоғамында «тоғыз» санына байланысты екі дәстүр сақталған. Біріншісі, біреуге малдай берілетін сый, кәде, екіншісі, жазаның өтеуіне берілген. Қылмыс жасаған адам жазасына қарай құн төлеген. Мысалы: түйе бастатқан 3 түйе, 3 сиыр, 3 жылқы. Малдың сапасы тіршілік қажеттілігіне байланысты. Әр түліктің өзінше бағасы бар, мәселен, М.Әуезов өлген азаматтың құнына беретін бағаны түйемен есептеп көрсетеді: Әзімхан басына жүз түйенің құнын да алды (М. Әуезов. Қаралы сұлу. 269-б) [2, 73].

ТҮЙЕНІҢ БАСЫН БҰЗБАУ. Ежелгі дәстүр бойынша ірі қараның басын бұзбай, қазанға асқан.

ТҮЙЕ ШЕШУ. Адам баласының дүниеге келуіне де, өмірден өтуіне де ерекше мән берілген, арнайы салт-дәстүр сақталған. Түйе шешу деп отырғанымыз ас беру кезінде өткізілетін жөн-жоралғылардың бірі, ойынның бір түрі болған. Бұл ғұрып бастауы сақтар дәуіріндегі жылқы культінен бастау алады деген болжам бар. Ал қазақы ортада бұл дәстүр құрметті белді адамға арналған жиын аста ғана орындалған. Ойын шарты бойынша тігілген кәде сыйды алу үшін жалаңаштанған жесір әйел ортаға шығып қазыққа байланған түйенің бұйдасын шешуі тиіс [3, 495]. Бұл жердегі бұйда деп отырғанымыз түйенің мұрындығына тағылатын ұзындығы екі-үш құлаш жіп. Осы бұйданы жесір әйел тіспен немесе қолмен шешкен. Сонымен түйе шешу ғұрпы өзінің ерекшелігімен көшпелі ортада ежелден қалыптасқан жаратылыс туралы концепцияның «өлгеннің артына өлмек жоқ» деген метафоралық формада берілген қағиданың жүзеге асуы болып тұр. Түйе малына қатысты наным-сенім, ырым-тыйым мен халықтық болжамдар.

Ғалым С. Мәжінбековтың пайымдауынша, біраз уақыт Еуразияның кең даласында адамзат тарихындағы көшпелілік өмір салты сақталған. Бұл жерде өмір сүрген түркі халықтарының (соның ішінде қазақ халқы) ежелгі заманнан бері келе жатқан әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, ырым, жосын жоралар сақталып, күні бүгінге дейін көрініс тауып отыр. Сол наным-сенімнің көбі төрт түлік малмен байланысты. Мысалы, малды қадірлеген халқымыз малды құрбандыққа шалу, әртүрлі аурудан сақтау үшін малдың терісін, өкпесін, етін қолданған, мал сүйектерінің кейбіреуін киелі санап оларды бал ашу үшін қолданған. Мысалы, жауырын сүйекке қарап болжау [4, 52].

Түйеге қатысты наным-сенімдер ерте заманда қалыптасқан. Осындай сенімнің бірі түйе малының пірі – Ойсылқарамен байланысты. Түйешілер Ойсылқарадан көмек сұрап, жалбарынған, себебі ол түйені түрлі бәледен, ауру мен жамандықтан қорғаушы деп түсінген. Қасиетінен бөлек әдемілігі бар бұл жануарға тіл-көз тигіш келеді деп, оны сәндеп ұстаған. Әсіресе бота, ботақандарды сүйегі толық бітіп жетілгенінше адам көзіне көрсетпей өсірген, маңдайына үкі, мойнына құран сүрелері бар тұмар таққан. Сонымен қатар түйені тек жасы үлкен, көпті көрген қарттар сойған. Бас сүйегін сындырмай, бұзбай асқан. Жүкті әйелдерге

түйенің етін жеуге тыйым салған, егер әйел адам түйенің етін деп, шұбатын іпсе, құрсағындағы баласы тез өсіп, босану кезінде қиыншылықтар туу мүмкін деп сенген. Түйе жүнінен жерге төсектің кілем, бөстек жасалмаған, оны ұрып, соғуға, қиянат жасауға тыйым салынған. Егер біреу түйені ұрлап күзесе, о дүниеде сол түйенің жүніне оралып қиналады деген сенім бар.

Түйе қатысты наным-сенімдер жайлы ғалым Ш.Уәлиханов түйе бойында ерекше тылсым күштің бар екендігін айтады. Бұны білген бақсы-балгерлер бұл түлекті ерекше бағалаған. Қазақ інген боталағанда, оған жын-шайтан жоламайды деп сенген. Бура жын зікір салған бақсыға көмекке келеді. Бұндай жын бала көтере алмай жүрген әйелдерді емдейді, балаларды, нәрестелерді, әйелдерді қара күштерден қорғайды деп сенген. Кейде «бедеулікпен» ауырған әйелді емдеу үшін бұл ауруды түйеге аударған.

Ал этнографиялық энциклопедиясында түйеге қатысты мына деректер келтіріледі. Адам бұл дүниеден өткенде оның денесі түйеге артылып, жерленген. Мәйіт артылған түйенің екі құлағын киізбен бітеп, аяғына ақтық байлаған. Түйе қайтыс болған адамның әлеуметтік мәртебесіне қарай таңдалған, әйел мәйітін ұрғашы, ал ер адамның мәйітін атан түйе көтерген [3, 490].

Адамзат баласының тым ерте кезінде қалыптасқан дүние танымының уақыт өте келе түрлі жағдайларға байланысты шыңдалуынан қазақ халқының алуан түрлі салт-дәстүрлері, соның ішінде халық болжамдары қалыптасқан. Түйе малына қатысты халық болжамдарына тоқталсақ.

- Үйге түйе сүйенсе – көшу, яғни қазақ халқы киіз үйге сүйенген түйені көрсе, сол үйдің шаңырағы төмен түседі деп топшылаған.

- Егер нар түйелер шөгерілген жерінде шығыс бағытқа қарап бұрып алған бастарын жерге ұзынынан салып, көздерін жұмып, күйсемей жатып алса – құм дауыл соғады деген болжам бар. Бұл қажыға баратын қазақтардың байқаған құбылысы.

- Түйе мойнын созып, басын жерге салып жатса – ұзақ сапар, жол күтіп тұр деген болжам бар.

- Түйе басын салбыратып күрсінсе, жамандық болады;

- Мизам туған соң түйе созып жатса, қыс жайлы болады, ал жайсыз жатса, суық болады деп халық жорыған.

Ғалым Ақселеу Сейдімбек халақ болжамдарының ішінде түйеге қатысты мыналарға тоқталады: «түйе пысқырса, боран соғады, түйе ерінін жыбырлатса, жылымық болады, түйе сара ала күзден ықтаса, қыс қатты болады» [5, 241].

Ал қазақ танымында түс жоруға ерекше мән берілген. Мысалы түйеге байланысты Кеніш Хикмет: «Түйе көрсең – қиналу, Түйе мініп жүрсең – беделді кісімен кездесу, Түйені саусаң – аурудан жазылу, Түйелі керуен көрсең – қазына, байлық, Түйе қуса – дұшпаның бар болуы мүмкін», – деген түс жоруларға тоқталады [6, 48].

Қай халықты алсақ та белгілі бір нанымдардың негізінде қалыптасқан

ырым-тыйымдар кездеседі. Бұл ырым-тыйымдар, табу, эфемизмдер ғасырлар бойы сақталып, жаңғырып келеді. Әсіресе қазақ қоғамында бұл дүниеге ерекше мән беріледі. Табу дегеніміз наным-сенім бойынша, халықтың қалыптасқан дәстүрі бойынша, мифтік сана байынша айтуға тыйым салынған сөздер болса, ал эфемизмдер айтуға ыңғайсыз сөздерді алмастыру үшін қолданылатын сөздер.

«Жаман көз» араб тілінен шыққан сөз және түрік тілінде «қарау» мағынасында жұмсалады, яғни мүлікке, үйге, адамдарға, жануарларға таңданыспен, қызғанышпен қарау жамандық әкеледі деп сенген. Түркі халықтарында бұл сенім әлі күнге дейін сақталған. Мысалы түріктерде “nazar(ı) deđmek”, “nazara gelmek” veya “göz(ü) deđmek”, “göze gel- mek” тұрақты тіркестері көз тию мен оның зиянын көрсетеді [7, 42]. Ал қазақ танымында «Алла тіл-көзден сақтасын, көзі бардың көзі жерге түссін» деп жаман көзден сақтану үшін адыраспан, оипен алстау, тұмар, көзмоншақ тағу жоралғыларын орындайды. Түйенің ботасы бірден көзге түсетіндіктен, оның мойына тұмар тағып қою дәстүрі әлі күнге дейін сақталған.

Әлеуметтік жағдайы қандай болса да, қазақтар ешқашан малының, отбасының санын ашық айтпаған, тіл-көз тиеді, жаман ырым деп құпия сақтаған. Түйе малына қатысты мына дерекке тоқталсақ: қазақ арасында түйе санына қатысты әртүрлі тыйымдар болған. Бұл жайлы «Түбі түркі өркениет» еңбегінде: Түйең нешеу? Деген сауалға тікелей жауап қайтарылмаған, себебі тура санын айту жаман ырым деп есептелінген. Көне деректер бойынша түйесі көп адамдар әдетте әрбір жүзінші түйенің бір көзін ағызып отырған. Сол арқылы «бір соқыр, екі соқыр» деп түйенің санын астарлы эфемизмдер арқылы жеткізіп отырған. Бірнеше бас түйесі бар адамның өзі түйе сөзінің орнына оның белгілі бір метонимиялық атауын қолданған. Мысалы: бес түйе – бес мойнақ» [8, 209].

Түйе малына қатысты түс атауларының мәні мен мағынасы.

Адам баласының дүние танымына өзі өмір сүріп жатқан қоршаған ортаның, табиғат құбылыстарының әсері көп. Түйсіну, сезу, көру, қабылдау арқылы халықтардың өзіндік таным-түсінігі, наным-сенімі, белгілі бір дүниеге бағалауыштық көзқарасы қалыптасады.

Қазақ халқы түс атауларына ежелден-ақ көңіл бөлген. Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларының негізгі, туынды, екі, үш, төрт негізгі құрылымдық түрлері кездеседі. Ал семантикасы жағынан бастапқы, ауыспалы мәнде жұмсалады. Кей түс ұғымдарының этимологиясы әлі де белгісіз. Ғалымдардың пайындауынша тілімізде отызға тарта негізгі және қырықта тарта туынды түс атаулары бар. Осы түстердің алуан түрлілігін, жасалу ерекшеліктерін төрт түлікке байланысты түс ұғымдарынан көреміз. Мысалы, түйеге қатысты ақ түйе, қара түйе, қараша түйе, қызыл нар, көк түйе, сары түйе, боз інген, ала бас нар, ақ қаптал түйе, қасқа бас түйе деген түс атаулары бар.

Ақ. Ақ – номинативті мағынасы барлық түрік тілдеріне ортақ қара түсіне қарама-қарсы түс. Ассоциациялық тұрғыда мынандай мағыналарда жұмсалады:

- Төрт тілік малға байланысты және оның өнімдері;
- Асыл, таза, кіршіксіз (қару-жарақ атауларына байланысты);
- Адалдық (тура мағынада);
- Әділдік, дұрыстық (әлеуметтік, басқару саласына байланысты: ақ бұйрық);
- Бақытты, баянды өмір (үйлену салт-дәстүріне байланысты: ақ отау, ақ неке);
- Үнемі қайталанатын (табиғат құбылыстарын байланысты: ақ жауын);
- Әк сөзімен байланысты (әктеу- ақтау);
- Хан, бек, төре тұқымына байланысты (ақ орда, ақ үй);
- Әйел адамының сұлулығына байланысты (ақ тамақ, ақ білек);
- Бағдарлық қызметте жұмсалады (ақ – шығыс);
- Қымбат зат, дүние (ақ алтын);
- Кең, шексіз (көп жағдайда топонимикалық атауларда қолданылады (Ақ Жайық);

Осы мағыналық топтардың ішіндегі түйе атауына қатысты «ақ» сөзінің мағыналарына тоқталсақ. Басқа төрт түлікке қарағанда түйе малында ала-құла, кара-ала, тарғыл, шұбар секілді түстер кездеспейді. Түйе де төрт мезгілде өзгеріп, түлеп отырады, алайда ақ, боз түстен қоңыр, қара түстерден әрі кетпейді. Түйенің түгі көп жағдайда жасына, жынысына, географиялық ортасы мен жыл мезгіліне қарай өзгеріп отырады. Соның ішінде «ақ» түсіне байланысты түйе атаулары жиі ұшырасады. Табиғатта ақ түйелер аз, сондықтан қазақтың өмір сүру салтында түйені қадірлеп киелі санаған, белгілі бір ырымға, жағдайларға байланысты сойған.

Ақ түйе – ақ түсті түйе малы.

Ақ бас түйе– төбесінде ақ тоқтығы бар түйе.

Ақ иық түйе – арқасында ақ жүні бар түйе.

Ақ қаптал түйе – қапталында ақ жүн өскен түйе [9, 422].

Ғалым Ә. Қайдаров түйені түске байланысты атаудың тағы бір ерекшелігін көрсетеді. Бұл олардың дене мүшелеріне байланысты атау (маңдай, қасқа, таңау, шуда, көз, құлақ, иық секілді дене мүшелері). Мысалы, ақ бас түйе деп отырғанымыз денесіне қарағанда басындағы ақ түктің көп болуымен байланысты [10, 41-42].

Мысалы: Жәнібектің денесін ақ кигізге орап, ақ түйеге артып, екінші баласы Махмұт билеп тұрған Созаққа беттеді [Илияс Есенберлин].

Ақ иық түйе – жұмысқа жегін болған түйе, арбаға жеккендіктен иық жүні түсіп, оның орнына ақ қылшық жүн өсуіне байланысты қойылса, ақ қаптал түйе – екі бүйірі жарақаттанып немесе қапталына жара шығып, терісі ағарған түйе [11, 65].

Көріп отырғанымыздай «ақ» түске байланысты түйе атауларының мән-мағынасы ерекше. Табиғатта өте сирек кездесетін бұл жануар тек ерекше, маңызды жағдайда пайдаланып, құрбандыққа шалынған.

Қара – тілімізде кездесетін отызға тарта негізгі түстердің бірі, ақ түсіне қарама-қарсы түс. Бұл түсті зерттеуші ғалымдар өте көп, алайда «қара түсіне байланысты жиырмаға тарта семантикалық мағына ұсынған ғалым А.Н.Кононов болды. Ғалымның пайымдауынша қара түсі «күңгірт; қатал; қайғы, мұң; ірі қара; халық, ел қараша; әскер; жер; елес; майсыз ет өнімдері; мықты, күшті; сөзге байланысты, т.б.» мәнге ие дейді [12, 83-84], ал академик Ә.Қайдар «қара» сөзінің ауыспалы мағынасы одан да көп екендігін айтады. Ғалым Ұ. Серікбаева қара түсінің қазақ тілінде кездесетін мынандай ауыспалы мағыналарына тоқталады:

Қара – ірі мал (сиыр, жылқы, түйеге байланысты);

Қара – бейне;

Қара – хат, төре, қожа (әлекметтік топ өкілдеріне байланысты: қара халық, қара қатын);

Қара – серігі, жалғыз мағынасында (қара болып қалған жалғыз ағам);

Қара – тамақ түріне байланысты (дәмсіз, майсыз, етсіз);

Қара – адамға байланысты (жазықты адам);

Қара – мифологиялық мәнде де бар (жын, пері, шайтан: қапа басты, қара албасты);

Қара – қайғы, өлім (қара жамылды, қаралы үй);

Қара – қою, тығыз (қара орман);

Қара – реңсіз (белгілі бір заттың түсі: қара металл);

Қара – қарапайым (өлең);

Қара – табиғат құбылысына байланысты (қара жел);

Қара – қимыл-әрекет (қара жаяу, қара жүріс);

Қара – қасиетті, құрметті (қара шаңырақ);

Қара – қарғыс, т.б. [13, 30-37].

Халық танымда «қара» түсі сонау ерте заманда өліммен, жағымсыз, жайсыз жағдаймен байланысты болған. Оған мысал ретінде мифологиялық түсінік бойынша арғы көшпелі қазақтар үш түрлі дүние (ақ, қызыл, қара түсті) бар деген таным болған. Қара дүние деп отырғанымыз о дүние, яғни суасты, ата-бабалар дүниесі деп сенген, сондықтан ертеде қаралы үйге қара ту байлаған. Ал енді осы «қара» түсінің түйе малына қатысты айтылуы оның физикалық күші мен қара түсіне байланысты.

Қара түйе – қара қоңыр түсті түйе.

Қараша түйе – қоңырқай қара түсті түйе.

Боз түйе – ақшыл көк түсті түйе.

Боз қызыл түйе – көк түске қызыл араласқан түс.

Көк түйе – ақшылтым көкшіл жүнді түйе.

Көк ала бас түйе – көк пен ақ түс аралас түйе.

Құба түйе – ақ сары түсті түйе.

Қызыл түйе – қызыл қоңыр түсті түйе.

Қара түйе Ш.Жанәбілевтің айтуынша, жүні қара қошқыл болып келеді, яғни қою қара түс емес. Қызыл түйе немесе қызыл нар қаны таза, тұқымды аруанадан туылған түйе. Бұл түйелердің басты ерекшелігі түгі қызылдау болады, әрі күшті, нағыз жүк тасуға жарамды түйелер. Қызыл реңк көп жағдайда нар түйелерге қатысты жұмсалады. Қараша – түгі қара түсті, көк түйе деп отырғанымыз – көк түс емес, боз, бозалаң түске жақын. Ал боз деп отырғанымыз ақшыл көк түске жақын, сары сарғыш түсті түйелерге қатысты айтылып тұр.

Нәтижелер. «Адам – Қоғам – Табиғат» атты үлкен макротоптағы «Адам» антропоцентристік бағыттың өзегі. Адам баласының ең басты ерекшелігі – қоршаған ортаны, ондағы құбылыстарды танып-білуі, санасында қалыптасқан бейнелерге атау беруі. Дәл осындай адам ақыл-ойы мен еңбегінің негізінде жасалған сан алуан заттар мен құбылыстар халқымыздың этнографиялық мұрасы болып табылады.

Берілген тақырыпты талдау барысында мынандай ғылыми тұжырымдар жасадық:

- Түйе малына қатысты түс атауларының мәні мен мағынасы ашылды;
- Түйе малына қатысты наным-сенім, ырым-тыйым мен халықтық болжамдар ұсынылды;
- Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар қарастырылды;
- Тілімізде кездесетін «түйе» малына қатысты тіркестерге этнолингвистикалық талдау жасалды;

Қорытынды. Әрбір тілдің өзіндік сөз оралымдары, тілдік бірліктері болады және ол халық танымынан, түсінігінен хабар береді. Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі – орталық ретінде алынатын адаммен байланысты антропоцентризм мәселесі. Антропоцентристік бағыт адамның қоршаған ортадағы шындықты қабылдай алу қабілеті арқылы көрінеді, сол халық тілінде көрініс табады. Ұлттық ерекшеліктерден хабар беретін қазақ этнографизмдерді зерттеу, олардың мағынасына, стильдік ерекшеліктері мен құрамына қарай топтастыру, тіл білімінің жаңа салаларымен байланыстыра қарау қазіргі заман талабы. Жеке тілдің этнографизмдерін қарастырғанда «тілдің әлемдік бейнесі» деген мәселе қарастырылады.

Мақалада қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдарға тоқталдық. Атап айтқанда, түйе малына қатысты салт-дәстүрлер, түйе малына байланысты наным-сенімдер, ырым-тыйымдар, халықтық болжамдар, түйе малына байланысты түс атауларының мән, мағынасы, түйе жануарына байланысты тіліміздегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер ғылыми мақаламыздың өзектілігі болып отыр. «Түйе» малы тек қазақ қоғамындағы, өмір сүру салтындағы төрт-түлік малдың бірі ғана емес, сонымен қатар тіліміздегі ұлттық ерекшелікті танытатын көптеген этнографиялық атаулардың жасалуына негіз болып отырғанына көзіміз жетті.

Әдебиеттер

1. Этнография: Учебник / Под.ред. Ю.В. Бромлея и Г.Е. Маркова. – М.: Высш. Школа, 1982 – 320 с.
2. Кадина Ж.З., Сатеева Б.С. Ұлттық ділімнің төрт түлік атауларына қатысты тілдегі бейнеленуі // Қарағанды университетінің Хабаршысы, Филология сериясы. – 2021. – № 1(101). – Б. 71-77.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүзесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО Алем Даму Интеграция, 2017. – 816 б.
4. Мәжінбеков С. Қазақтардың жан туралы ұғымы // Адам әлемі. – 4(26). – 2005. – 3 б.
5. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы, Санат 1997. – 464 б.
6. Кеніш Хикмет. Даналық сүрлеуі. – Алматы «Қасиет» баспасы, 2006 – 48 б.
7. Ekici, M., Fedakâr, P. Gelenek, aktarma, dönüşüm ve kültür endüstrisi bağlamında nazar ve nazar boncuğu // Milli Folklor. – 2014. – 26(101). – В. 40-50.
8. Ахметов Ә. Түбі түркі өркениеті. – Алматы: Арыс, 2009. – 344 б.
9. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік / Ә. Қайдар. – Алматы: Сардар, 2013.
10. Қайдаров Ә. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
11. Жақыпов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қайнар, 1989. – 192 б.
12. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркологический сборник. – М., 1975. – 149 с.
13. Серікбаева Ұ. Қазақ тіліндегі «Ақ» және «Қара» түр-түс атауларының этнолингвистикалық атаулары. Монография. – Алматы: Таңбалы, 2009. – 192 б.

М. Онер

Эгейского университета, Измир, Турция

Ф.С. Мухтарова

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ О КОНЦЕПТЕ ВЕРБЛЮД В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. На основе формирующегося антропоцентрического направления в современном языкознании особое значение приобретает поиск и изучение этнографизмов, относящихся к определенному этносу. Любой национальный язык представляет собой изменчивое явление с длительной историей развития. В наше время следует рассматривать язык не только как средство «общения», выражающее существование и мысли, но и ориентироваться на «познавательную» функцию выражения национальных взглядов, особенностей, менталитета народа. Под этнографизмами мы подразумеваем название этнографических предметов и явлений, хозяйство народа, традиции, нравы, верование, одежду, пищу, общественную деятельность, семейные отношения и т.д. специальные единицы и словосочетания, употребляемые в связи с бытовыми,

языковыми особенностями.

Актуальность научной статьи заключается в сопоставлении, анализе, описании, всестороннем изучении этнографических понятий, связанных с понятием верблюд в казахском языке, с использованием методов анализа-синтеза.

В статье мы изучили и дифференцировали поверья, обычаи, запреты, запретные слова, встречающиеся в нашем языке на основе макро- и микроподгрупп, связанных с концептом «верблюд», показанных в «Мире родного языка казахов: Этнолингвистический словарь» ученого А. Кайдара. Особенно акцентируется внимание на значении названий видов и окрасов, относящихся к «верблюжьему» скоту.

Ключевые слова: верблюд, этнография, фразеология, поверья, суеверия, народные предсказания.

M. Oner

Ege University, Izmir, Turkey

F.S. Mukhtarova

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

ETHNOGRAPHIC REPRESENTATIONS ABOUT THE CONCEPT CAMEL IN THE KAZAKH LANGUAGE

Annotation. Based on the emerging anthropocentric trend in modern linguistics, the search and study of ethnographisms related to a particular ethnic group is of particular importance. Any national language is a changeable phenomenon with a long history of development. In our time, language should be considered not only as a means of “communication”, expressing existence and thoughts, but also to focus on the “cognitive” function of expressing national views, characteristics, and the mentality of the people. By ethnographisms we mean the names of ethnographic objects and phenomena, the economy of our people, traditions, customs, beliefs, clothes, food, social activities, family relations, etc. special units and phrases used in connection with everyday, linguistic features.

The relevance of the scientific article lies in the comparison, analysis, description, comprehensive study of ethnographic concepts associated with the concept of a camel in the Kazakh language, using analysis-synthesis methods.

In the article, we studied and differentiated beliefs, customs, prohibitions, forbidden words found in our language on the basis of macro- and micro-subgroups associated with the concept of «camel», shown in the «World of the native language of the Kazakhs: Ethnolinguistic Dictionary» by scientist A. Kaidar. At the same time, we focused on the meaning of the names of species and colors related to «camel» cattle.

Keywords: camel, ethnography, phraseology, beliefs, superstitions, folk predictions.

References

1. Etnografia: Uchebnik/ Pod.red. İu.V. Bromleia i G.E. Markova. – M.:Vyssh. Şkola, 1982 – 320 s.
2. Kadina J.Z., Sateeva B.S. Ūlttyq dilimniñ trt tlik ataularyna qatysty tildegi beinelenuı // Qarağandy universitetniñ Habarsysy. Filologia seriasy. – 2021. – № 1(101). – B. 71-77.
3. Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, ũğymdar men ataularynyñ dstrlı jsesi. Ensiklopedia. – Almaty: TOO Alem Damu İntegrasia, 2017. – 816 b.
4. Mjimbekov S. Qazaqtardyñ jan turaly ũğymy // Adam lemi. – 4(26). – 2005. – 3 b.
5. Seidimbek A. Qazaq lemi. Etnomdeni paiymdau. Oqu qraly. – Almaty, Sanat 1997. – 464 b.
6. Kenş Hikmet. Danalyq srleuı. – Almaty Qasiet, 2006 – 48 b.
7. Ekici M., Fedakr P. Evil eye and the evil eye bead in the context of tradition, transmisson, transformation and culture industry // National Folklore, 2014. – 26(101). P. 40-50.
8. Ahmetov . Tbi trki rkenieti. – Almaty: Arys baspasy, 2009. – 344 b.
9. Qaidar . Qazaqtar ana tılı leminde. Etnolingvistikalyq szdık / . Qaidar. – Almaty: «Sardar» baspa ũii, 2013.
10. Qaidarov . Tr-tsterdiñ tildegi krinisi. – Ana tılı, 1992. – 160 b.
11. Jaqypov . Tie sıruşınıñ tsındırme szdıgı. – Almaty: Qainar, 1989. – 192 b.
12. Kononov A.N. Semantika svetooboznachenı v trkskih iazykah // Trkologicheski sbornik. – M., 1975. – 149 s.
13. Serikbaeva Ū. Qazaq tilindegi «Aq» jne «Qara» tr-ts ataularynyñ etnolingvistikalyqataulary. Monografia. – Almaty: Tañbaly, 2009. –192 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Мұстафа Өнер – философия докторы (Phd), Еге университетінің профессоры, Измир, Түркия.

Мустафа Өнер – доктор философии (Phd), профессор Эгейского университета, Измир, Турция.

Mustafa Öner – Doctor of Philosophy (PhD), professor at the Ege University, Izmir, Turkey.

Мұхтарова Фариза Сейдахметқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Мухтарова Фариза Сейдахметовна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Mukhtarova Fariza Seidakhmetovna – doctoral student of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.